

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

БОЛАТБЕК ЖАНДАР АЙДАРҰЛЫ

Қылмыстық сот ісін жүргізуде ақшалай өндіріп алудың
тиімділігін арттыру

7М12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми-педагогикалық бағыт)
білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі
дәрежесін алуға арналған магистрлік диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнын кейінгі білім беру
институтының Арнайы заң пәндері

кафедрасының аға оқытушысы

Тулеуова М.Е.,

құқық магистрі, әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2024 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік диссертация ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасын қолданудың тиімділігін зерделеу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді қамтиды.

Жұмыста қылмыстық процестік жауаптылық институтын талдап, ондағы ақшалай өндіріп алудың қылмыстық процестік жауаптылық санкциясы ретіндегі орнын анықтау мен қылмыстық процестік заңнамасының нормаларында бекітілген сотқа дейінгі және сот өндірісінде ақшалай өндіріп алуды тағайындау тәртібін зерделеу, бағалау және осындай шараларды қолдануға кедергі келтіретін факторларды анықтай отырып ұсыныстар әзірлеу басты назарда болды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мақсаты мен міндеттеріне байланысты және кіріспеден, 5 бөлімнен тұратын 2 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған көздер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыс көлемі -92 бет.

РЕЗЮМЕ

Магистерская работа посвящена исследованию эффективности принудительного денежного взыскания и разработке предложений по его совершенствованию.

Основная задача работы - проанализировать институт уголовно-процессуальной ответственности, определить место денежного взыскания как санкции уголовно-процессуальной ответственности, изучить и оценить порядок досудебного и судебного производства по денежному взысканию, установленный в нормах уголовно-процессуального законодательства, а также разработать рекомендации путем выявления факторов, препятствующих применению таких мер.

Структура диссертационной работы обусловлена целями и задачами проекта и состоит из введения, 2 разделов, включающих 5 подразделов, заключения, списка использованных источников, приложения. Объем работы – 92 страниц.

SUMMARY

The master's thesis is devoted to the study of the effectiveness of compulsory monetary collection and the development of proposals for its improvement.

The main objective of the work is to analyze the institution of criminal procedural liability, determine the place of monetary recovery as a sanction of criminal procedural liability, study and evaluate the procedure for pre-trial and judicial proceedings for monetary recovery established in the norms of criminal procedural legislation, and also develop recommendations by identifying factors preventing the application of such measures.

The structure of the dissertation work is determined by the goals and objectives of the project and consists of an introduction, 2 sections, including 5 subsections, conclusions, a list of sources used, appendices. The amount of work is 92 pages.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|------------|
| БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... | 5 бет. |
| КІРІСПЕ..... | 5-9 бет. |
| 1. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУ | |
| 1.1. Қылмыстық процестегі мәжбүрлеу шараларының түсінігі мен түрлері..... | 10-23 бет. |
| 1.2. Қылмыстық процесті жүргізуде ақшалай өндіріп алуды құқықтық реттеу және тағайындау | 23-32 бет. |
| 2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТЕ ҚАРАСТЫРҒАН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУДЫ ҚОЛДАНУ | |
| 2.1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексте қарастырылған міндеттерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алуды қолданылуы мүмкін қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар шеңбері..... | 33-56 бет. |
| 2.2. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларға ақшалай өндіріп алуды қолдану негіздері | 55-67 бет. |
| 2.3. Ақшалай өндіріп алу тәртібі..... | 68-84 бет. |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 85-90 бет. |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ..... | 91-97 бет. |
| ҚОСЫМШАЛАР | 98-99 бет. |

БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҚК- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

ҚР ҚПК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі

ҚР ӘҚБтК - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі

ҚР АҚ – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

РФ – Ресей Федерациясы

РФ ҚПК – Ресей Федерациясының Қылмыстық-процестік кодексі

ТЫМШ - тәрбиелік ықпал етуші мәжбүрлеу шараларын

ПД – Полиция департаменті

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Сотқа дейінгі өндіріс шеңберінде ақшалай өндіріп алу немесе оны іс жүзінде қолдану қылмыстық іске қатысушылардың өздеріне заңмен жүктелген процестік міндеттерді уақтылы және тиісінше орындауына ықпал етеді және сотқа дейінгі сот ісін жүргізудің тиімділігін арттырады. Сот отырысында тәртіпті қамтамасыз ету шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу сот талқылауын белгіленген ережелерге сәйкес жүргізуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен бірге соттың және жалпы сот билігін нығайтудың құралы ретінде де қызмет етеді.

Соңғы жылдары тергеу және сот тәжірибесінде қылмыстық процеске қатысушылардың Қылмыстық процестік кодексімен көзделген міндеттерді орындаудан жалтару (анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша келмеу, айғақ беруден бас тарту немесе жалған айғақ беру және т.б.), олардың сотты құрметтемеушіліктің әртүрлі нысандардағы көріністері (сот ісін жүргізуге кедергі жасау, сот отырысының басқа қатысушыларының атына балағат сөздер айту, судьяның немесе сот приставының бұйрығына бағынбау). фактілері артуда. Сондықтан қылмыстық процестің тиімді қызмет етуі үшін қажетті жағдайлар жасауда ақшалай өндіріп алу барған сайын маңызды рөл атқаратын болады.

Осыған байланысты қылмыстық сот ісін жүргізуде ақшалай өндіріп алуды қолданудың негіздері мен тәртібін реттейтін қылмыстық процестік нормаларды тергеу органдарының лауазымды адамдарының, прокурорлардың, судьялардың пайдалануы үшін ғылыми негізделген әдістемелік ұсынымдар дайындау қажеттілігі туындады. Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде қылмыстық процесте ақшалай өндіріп алуды қолдануды реттеу бөлігінде Қылмыстық процестік кодексін оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу өте маңызды.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Қылмыстық процесте ақшалай өндіріп алуды тағайындауды реттейтін

Қылмыстық процестік кодексте қазіргі кезде бекітілген нормалар жүйесі айқындылығымен, толықтығымен және ішкі жүйелілігімен ерекшеленбейді.

Қылмыстық іс жүргізу теориясында да, тәжірибе қызметкерлері арасында да ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін адамдар шеңберін түсінуде түбегейлі айырмашылықтар бар. Қылмыстық процеске қатысушыларға ақшалай өндіріп алуды қолдану негіздерін және оларды процестік күшейту тәртібін белгілейтін нормативтік ережелер қосымша нақтылауды талап етеді. Сот отырысында тәртіпті қамтамасыз ету шаралары туралы заң нормаларының қысқа болуы сот отырысында оның өкімдерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алуға қатысты да бірқатар сұрақтар туғызады.

Қылмыстық процестік заңнамасы шеңберінде соттың ақшалай өндіріп алу тағайындау туралы қаулыларының нақты орындалуын қамтамасыз ететін тетік жасалмаған.

Ақшалай өндіріп алу түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шарасын заңнамалық реттеудегі кемшіліктер оны іс жүзінде қолдануға кедергі жасайды немесе оған құқықтық хаос енгізеді, бұл өз кезегінде қылмыстық істер бойынша сот төрелігінің тиімділігіне теріс әсер етеді.

Белгіленген мән-жайлар таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді және оның ғылыми және практикалық бағытын растайды.

Зерттеу мақсаты. Ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасын қолданудың тиімділігін зерделеу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

- ақшалай өндіріп алуды қолданудың тарихын, құқықтық реттелуі мен құқық қолдану тәжірибесін талдау;
- қылмыстық процестік жауаптылық институтын талдап, ондағы ақшалай өндіріп алудың қылмыстық процестік жауаптылық санкциясы ретіндегі орнын анықтау;
- қылмыстық процестік заңнамасының нормаларында бекітілген сотқа дейінгі және сот өндірісінде ақшалай өндіріп алу шарасын тағайындау тәртібін

зерделеу, бағалау және осындай шараларды қолдануға кедергі келтіретін факторларды анықтай отырып ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, прокурордың, соттың ақшалай өндіріп алуды реттейтін қылмыстық процестік кодектің нормаларын қолдануына байланысты дамитын қылмыстық процестік құқықтық қатынастары; осы бөліктегі қылмыстық іс жүргізу қызметінің тенденциялары, заңдылықтары мен кемшіліктері; қылмыстық процестің жекелеген қатысушыларына қатысты ақшалай өндіріп алуды тағайындау ерекшеліктері.

Зерттеу тақырыбы: қылмыстық істер бойынша ақшалай өндіріп алуды қолданудың әртүрлі аспектілерін реттейтін қылмыстық процестік нормалары; қаралатын мәселе бойынша теориялық көзқарастар, пікірлер; қылмыстық істер материалдарында көрсетілген сот және тергеу тәжірибесі.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері - оның жалпы ғылыми диалектикалық әдісімен философиялық білім жүйесі, сондай-ақ қазіргі заманғы құқықтану бағыты болып табылады. Жұмыста формальдылық, жүйелік, салыстырмалы құқықтық, статистикалық сияқты әдістер де қолданылады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ақшалай өндіріп алуды диссертациялық деңгейде талданатын бірінші зерттеу, сондай-ақ шет мемлекеттің заңнамасымен салыстырмалы аспектіде қарастырылғандығында.

Мемлекеттік және әсіресе қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу мәселелерін көптеген ғалымдар зерттеген. Жұмыста ақшалай өндіріп алу мәселелерін зерттеу кезінде автор Б.Альмухаметов, А.Н. Ахпанов, Е. Варпаховская, К.В. Задерако, М.Ч. Когамов, К.Ж. Капсалям, О.З. Никитина, Б.Х. Толеубекова, А.В. Сырбу, Т.А. Ханов және басқалар сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Ресейдің Е. Варпаховская, К.В. Задерако, Э.К. Кутуев, О.В. Никитина, Г. Резник, С.Б. Россинский, А.А. Толкаченко, М.Е.

Токарева деген ғалымдары да еңбектерінде тергеушіге, прокурорға, судьяға шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген қылмыстық процеске қатысушыларға ақшалай өндіріп алу қолдану мәселелері қозғалды. Ғалымдар негізінен ақшалай өндіріп алудың тағайындалуы мүмкін тұлғалар шеңберін, сондай-ақ бұл шараның әкімшілік жауапкершілік шараларымен байланысын анықтау мәселелерімен айналысты.

Алайда, Қазақстандағы қазіргі ғылыми зерттеулерде ақшалай өндіріп алуды тағайындау мәселесі қылмыстық сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету құралдарының жалпы жүйесінде де, қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеудің жеке мәселелерінің арасында да қарастырылмаған, дегенмен олардың ғылыми түсінігі мен негіздеуінің өзектілігі күмәнсіз.

Жоғарыда келтірген авторлар ақшалай өндіріп алуды қолданудың барлық жағдайларын әртүрлі негіздер бойынша жіктеу міндетін қойған жоқ. Осы себепті процессуалдық құқық бұзушылықтардың кейбір түрлері анықталмаған күйінде қалды, ал ақшалай өндіріп алуды түсіну мен қолдану үшін маңызды теориялық және практикалық маңызы бар басқа мәселелер шешілмей қалды.

Қорғауға шығарылатын шығарылатын ережелер:

1. Сот отырысында тәртіпті қалпына келтіру үшін соттың заңда көзделген бірнеше ықпал ету шараларын кезектеп немесе бір мезгілде қолдану құқығы бар екені анық. Демек, Қылмыстық -процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігін мынадай редакцияда беру әдістемелік тұрғыдан дәлірек болар еді:

«1. Сот отырысында тәртіп бұзылған немесе төрағалық етушінің немесе сот приставының өкіміне бағынбаған жағдайда, сот отырысы залында отырған адамға мұндай мінез-құлыққа жол берілмейтіндігі туралы ескертіледі. Ол сондай-ақ сот отырысы залынан шығарылуы және осы Кодекстің 159 және 160-баптарында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алуы мүмкін».

2. Шетелдік заңнамаларды зерттеу нәтежесінде, Украина қылмыстық процестік заңнамасының оңтайлы шешімін бастамаға ала отырып, келесідей ұсынылады:

а) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 160-бабы 3-тармағындағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: «Сот отырысына ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін адам және ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы хаттама енгізген лауазымды адам шақырылады. Хаттаманы енгізген лауазымды адам дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, мұндай хаттама қараусыз қалдырылады және оны қайтадан беруге болмайды. Ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін адам дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, хаттама енгізген лауазымды адам болған кезде, хаттама қаралуға жатады».

б) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 160-бабы 4-тармағы мынадай мәтінмен толықтырылсын: «ақшалай өндіріп алу қолданылған адам шешіммен танысқан күннен бастап үш тәулік ішінде судьяның (тергеу судьясының) шешіміне шағым бере алады».

с) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 107-бабы 10-тармақшасын толықтыру қажет: «ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы шешім».

Апробация және нәтижелерін енгізу. Зерттеу барысында 55 тергеуші мен анықтаушыға, 60 прокуратура қызметкеріне, 30 адвокатқа, 8 судьяға сауалнама және сұхбат жүргізілді, жәбірленушілер немесе күдіктілер іс бойынша өткен 20 респондентке іріктеп сауалнама (қосымша 2) жүргізілді.

Диссертацияның негізгі ережелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында баяндалды, ғылыми басылымда мақала ретінде көрініс тапты.

Диссертацияда ақшалай өндіріп алуды қолдану бойынша сот тәжірибесін жалпылау негізінде тұжырымдалған ұсыныстар Астана қаласы Полиция департаменті Тергеу басқармасы қызметіне (қосымша 1) енгізіледі.

1 Қылмыстық процестің мәжбүрлеу шаралары жүйесіндегі ақшалай өндіріп алу

1.1 Қылмыстық процестегі мәжбүрлеу шараларының түсінігі мен түрлері

2014 жылы қабылданған Қылмыстық процестік кодексінде қорғау өндірісінің негізін құрайтын заңдылық, бәсекелестік, кінәсіздік презумпциясы, қорғаныс құқығын қамтамасыз ету сияқты қылмыстық процестің бірқатар маңызды демократиялық принциптері бекітілді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінде осы принциптерді іске асырудың, сот ісін жүргізудің мақсаттарына жетудің құралы, сондай-ақ айыпталушының құқықтары мен бостандықтарын қорғау құралы ретінде қызмет ететін процессуалдық кепілдіктер жүйесі әзірленді, жәбірленушіге және процеске басқа да қатысушыларға олардың пікірі бойынша тергеу және сот органдарының заңсыз әрекеттеріне даулауға және бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге, заңсыз шешімдердің күшін жоюға талап қоюға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жаңа Қылмыстық процестік кодексте процеске қатысушылардың сот ісін жүргізу мақсаттарына қол жеткізуге қарсы тұруға заңсыз әрекеттерін еңсеруді қамтамасыз ету шаралары сақталды, күшейтілді және кеңейтілді, олардың жиынтығы қылмыстық процестік мәжбүрлеу шаралар жүйесін құрайды. Қылмыстық процестік кодексте бұлтартпау шараларымен, күдіктіні ұстаумен қатар, қамауға алу, қызметтен шеттету, мүлкіне тыйым салу, сондай-ақ ақшалай өндіріп алу сияқты қылмыстық-процестік мәжбүрлеудің басқа да шаралары белгіленген.

Осы шаралардың көпшілігі ҚР ҚПК-де нақтырақ құқықтық реттеуге ие болды. Ақшалай өндіріп алуды қолдануды реттейтін заңнаманы елеулі жаңарту жаңа құқықтық нормаларды ғылыми талдауды қажет етеді, олар әдеттен тыс

сипатына байланысты іс жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға әрдайым анық түсінікті бола бермейді.

Процеске қатысушылар қылмыстық процестік заңнамасымен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған кезде қолданылатын мәжбүрлеу шарасы бола отырып, ақшалай өндіріп алу заманауи жағдайда ерекше мәнге ие, өйткені өзінің табиғаты бойынша процестік міндеттерін бұзған адамға материалдық және ақшалай зиян келтіретін шара бола отырып, ол құқықтық қатынастардың жосықсыз қатысушыларына мүліктік жауапкершілік шараларын қолдану сияқты қазіргі нарықтық қатынастардың маңызды элементіне сәйкес келеді. Осылайша, дамып келе жатқан нарықтық қатынастарға сай ақшалай өндіріп алу процессуалдық тәртіпті қамтамасыз етудің тиімді құралы бола алады.

Алайда, тергеу және сот тәжірибесін талдау қаржылық ықпал етудің маңыздылығына қарамастан, оның тиісті түрде қолданылмағанын көрсетеді. Судьялар, тергеушілер, анықтаушылар бұл шараны сирек қолданады. Мұның бір себебі, процеске қатысушылардың міндеттемелері мен оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің жеткіліксіз толық құқықтық реттелуі сияқты. ҚР ҚПК 160-бабымен реттелетін ақшалай өндіріп алуды тағайындау - судьялар мен тергеушілер үшін шектеулі уақыт жағдайында өте күрделі болып шығады және жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында осы бағытта заңнаманы жетілдіру мәселесі өзекті болып табылады.

Сонымен қатар, жеке тұлғаларды олардың мүдделеріне заңсыз қол сұғудан қорғауды талап ететін заманауи жағдайларда іс жүргізу міндеттерін бұзған және құқықтар мен бостандықтарды шектеумен байланысты адамдарға қолданылатын уақытша шараларды шектен тыс кеңінен қолдануға болмайды. Тым қатаң шараларды қолданудың көлемін қысқартуға, атап айтқанда ақшалай өндіріп алуды қолдану арқылы жетуге болады, бұл ретте осы шара қолданылатын тұлғалар үшін қажетті қосымша кепілдіктер қарастырылу қажет.

Қылмыстық процеске қатысушылардың түрлі себептермен келмеуіне байланысты қылмыстық істердің көп бөлігі дер кезінде тергеліп, сотқа жіберілмейді, ал сотта істі қисынды мерзімде қаралуы мүмкін емес.

Шақырылған адамның тергеушіге, прокурорға, судьяға келуін қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі – ақшалай өндіріп алу. Ақшалай өндіріп алу – қылмыстық процеске қатысушыға жүктелген міндеттерді орындамағаны үшін, оның ішінде сот отырысындағы тәртіпті бұзғаны үшін сот белгілеген ақша сомасын төлеу міндетін салудан тұратын қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шарасы.

Заң шығарушы ұсынған анықтамаға сүйене отырып, мәжбүрлеу шарасы ретіндегі ақшалай өндіріп алу қылмыстық процеске қатысушыларға екі жағдайда қолданылуы мүмкін: қылмыстық іс жүргізу міндеттерін орындамағаны үшін, сондай-ақ сот отырысын өткізу тәртібін бұзғаны үшін. Алайда, ақшалай өндіріп алу түріндегі мәжбүрлеу шараларын қолдануды көздейтін басқа да нормалар бар. Осылайша, ол кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға жеке кепілдік және қадағалау түріндегі бұлтартпау шараларын таңдауға байланысты міндеттерді орындамағаны үшін кепілдік берушілерге жүктелуі мүмкін. Бұл дәлелді себептерсіз жауап алуға келмеген адамдарға да қатысты. Сонымен, қылмыстық процестік құқық қылмыстық процеске қатысушылардың міндеттерін орындамағаны үшін санкция ретінде ақшалай өндіріп алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын қолдануды міндеттейді деген қорытындыға келуге болады. Естеріңізге сала кетейік, ҚР ҚПК 7-бабына сәйкес қылмыстық процеске қатысушылар қылмыстық процеске қатысатын тұлғалар болып табылады. Бұл қылмыстық сот процесіне қатысқан кез келген адамға ақшалай өндіріп алуды қолдана аламыз дегенді білдіре ме?! Бұл сұраққа жауап беру үшін қылмыстық процесте ақшалай өндіріп алуды қолдануды қарастыратын қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын талдау қажет.

ҚР ҚПК 142 және 144-баптарында Қарауына кәмелетке толмаған адам берілген тұлғалар өздері қабылдаған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, сондай-ақ күдікті, айыпталушы алдын алу үшін жеке кепілгерлік қолданылған

әрекеттерді жасаған жағдайда, сот әрбір кепілгерге жауапкершілік шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасын қолдану көзделген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде кепілгерлерге ақшалай өндіріп алуды қолдануға болады. Қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларына сәйкес ата-аналар, қорғаншылар, қамқоршылар немесе басқа да сенімді адамдар, сондай-ақ мамандандырылған балалар мекемесінің лауазымды адамдары кепілдік берушілер бола алады. Айта кету керек, кәмелетке толмаған күдіктінің немесе айыпталушының лайықты мінез-құлқын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайда, мысалы, мамандандырылған балалар мекемесінің лауазымды адамына ақшалай өндіріп алу салынуы мүмкін, мысалы, әскери бөлімнің қолбасшылығы лауазымды тұлға болса да, әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы түріндегі профилактикалық іс-шараларды таңдауға байланысты міндеттерін орындамағаны үшін тек тәртіптік жауаптылыққа тартылады. Біздің ойымызша, бұл мәселеге қатысты қолданыстағы заңда айтарлықтай олқылық бар.

Кейбір ғалымдар ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат мәжбүрлеу шарасының талаптарын орындамаған жағдайда ақшалай өндіріп алу қолдануды ұсынады. Біздің ойымызша, бұл ұстаным әділетті, өйткені егер адам қылмыстық процесте процестік мәртебеге ие болса, ол осы мәртебе бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауы керек. Бұл бұлтартпау шарасы сезіктіге немесе айыпталушыға қолданылатындықтан және бұл тұлғалар ерекше мәртебеге ие болғандықтан, оларға ақшалай өндіріп алуды қолдану мәселесі ерекше қарастыруды қажет етеді.

ҚР ҚПК 159-бабында ақшалай өндіріп алудың қолданылуы мүмкін қылмыстық процеске қатысушылардың тізімі ұсынылған. Бұл жәбірленуші, куәгер, азаматтық талапкер және жауапкер, сарапшы, маман, аудармашы және куә. Алайда, ақшалай өндіріп алу алқабиге дәлелді себептерсіз сотқа келмегені үшін, сондай-ақ кепілгерлерге де жоғарыда атап өтілгендей қолданылуы мүмкін, бірақ бұл адамдар ҚР ҚПК 159-бабында көрсетілмеген. Заң шығарушы

бұл жайтты назарынан өткізіп алды, бұл құқық қолданушылар арасында ақшалай өндіріп алуды қолдануға қатысты қатысушыларға да, оның мөлшеріне де қатысты түсінбеушілік тудырды. Сонымен қатар қылмыстық істі қарау кезінде сот тәртібін бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу қолдану мүмкіндігіне қылмыстық іс жүргізу заңнамасында жеке норма арналған. ҚР ҚПК 159-бабына сәйкес, ақшалай өндіріп алу қылмыстық істі қарауға қатысқан кез келген қатысушыға қолданылуы мүмкін. Барлық соттарда қылмыстық іс жүргізу ашық болғандықтан және сот отырысына кез келген адам қатыса алатындықтан, ақшалай мәжбүрлеуді ақшалай өндіріп алу туралы баптың жалпы ережесінде көрсетілген қылмыстық процеске қатысушыларға ғана емес, сот отырысына қатысатын кез келген адамға қолдануға болады.

Қазіргі уақытта қылмыстық процестік заңнамасында ақшалай өндіріп алудың қолданылуы мүмкін қылмыстық процеске қатысушылардың нақты шеңбері анықталмаған. Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органдар бұл мәжбүрлеу шарасын іс жүзінде қолданбайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының сұхбат берген 24 қызметкерінің ешқайсысы бұл мәжбүрлеу шарасын қолданбаған. Бұл осы шара қолданылуы мүмкін тұлғалардың нақты тізімінің, оны қолдану негіздерінің, сондай-ақ бұзушылық туралы хаттаманы жасау тәртібінің болмауымен түсіндіріледі. Заңнамада ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін тұлғалардың нақты тізімінің болмауына байланысты ғылыми ортада көптеген пікірлер туындады. А.П. Рыжаков қатысушылардың шеңберіне Қылмыстық процестік кодексінің арнайы нормасында (155-бап 2-тармақ және 159-бап 1-тармақ) бекітілгендерді ғана қосу керек деп есептейді [1].

Н.В. Луговец [2] және О.В. Никитина [3] міндеттемелерді орындамағаны үшін бапта санкция түрінде көзделген жағдайларда ғана ақшалай өндіріп алуды қолдануды ұсынады. Біздің ойымызша, бұл мәжбүрлеу шарасын Сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін жүзеге асыратын органдарды қоспағанда, қылмыстық процеске өзіне жүктелген міндеттерді орындамайтын кез келген қатысушыға

қолдануға болады, өйткені бұл жауапкершіліктер лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде туындайтын тұлғаларға жүктелгендіктен, орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолданылады.

Қылмыстық процеске кез келген қатысушыға өз міндеттерін орындамаған жағдайда мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін деген қорытындыға келдік. Ал заң шығарушы қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларында осы мәжбүрлеу шарасы қолданылуы мүмкін адамдардың тізімін нақты белгілеуі керек. Заң шығарушы ақшалай өндіріп алуды қолданумен міндеттемені орындамаудың қандай түріне байланысты болатынына қарамастан, оны салу өкілеттігін сот органдарына беру тәртібіне қатысты нақтырақ ұстанымды ұстанады. Заң шығарушы соттың ақшалай өндіріп алу тағайындау құқығын растайтын бір ғана құжатты белгілейді - бұл қылмыстық процеске қатысушылардың өз міндеттерін орындамауы нәтижесінде тергеуші (анықтаушы) жасаған бұзушылық туралы хаттама. Алайда хаттаманың мазмұны заңда көрсетілмегендіктен, істі тергеп жатқан органдарға қосымша сұрақтар туындайды. Бұл процедура өте қарапайым болып көрінеді, бірақ оны жүзеге асыруда кейбір мәселелер бар. Тергеу органының басшысымен немесе прокурормен келісуді талап ететін, оны қолдану үшін сотқа өтініш беру туралы қаулы шығаруды көздейтін мәжбүрлеу шараларын қолданудың жалпы тәртібімен салыстырсақ, ақшалай өндіріп алу тәртібі хаттама жасап сотқа жіберуді ғана көздейді. Процеске қатысушының процессуалдық міндеттемелерді орындамау себептерінің негізділігін анықтау соттың құзыретіне жатады және нақты фактілік мән-жайларды талдау негізінде белгіленеді. Осы іс жүргізуді жеңілдетіп, оған тергеу органының басшысымен немесе прокурормен келісілген қаулы түрінде ресімделіп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына ақшалай өндіріп алу қолдану туралы қаулы шығару өкілеттігін беру қажет деп санаймыз. Жоғарыда атап өтілгендей, сауалнамаға қатысқан респонденттер ақшалай өндіріп алу туралы баптың нормасын қолдануға тиімсіз деп санайды. Бұл сот шешімін талап ететін процедураның

күрделілігімен түсіндіріледі. Заңи әдебиеттерде бірқатар авторлар қылмыстық іс жүргізу заңнамасында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдардың қылмыстық процеске қатысушыларға өз бетінше ақшалай өндіріп алуды тағайындау құқығын бекіту туралы пікір білдірді [4]. Біз бұл пікірмен келісеміз, өйткені сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар заңға сәйкес өз бетінше шешім қабылдауға құқығы бар лауазымды тұлғалар болып табылады. Қабылданған шешімнің заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында Е.В.Кудрина қылмыстық-процестік заңнамада мұндай шешімге сотқа шағымдану құқығын бекітуді ұсынады [5].

Ақшалай өндіріп алу мөлшері туралы мәселе ерекше назар аударуға тұрарлық, өйткені қылмыстық процестік заңнамаға сәйкес судья елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы қаулы шығаруға құқылы. Бұл сома жіберілген бұзушылықтарға сәйкес келе ме? Дәлелді себепсіз жауап алуға келмегені үшін ақшалай өндіріп алуды қолдану мысалын қарастырайық. Мұндай себепсіз келмеген жағдайда қандай салдар болуы мүмкін? Біздің ойымызша, мысалы, тергеу амалына келмеу қылмыстық іс жүргізудің ақылға қонымды мерзімі қағидасын бұзады, өйткені тергеу әрекетін жүргізу немесе сот талқылауы кейінге қалдырылады. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарына келмеу де сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларды сыйламаушылық ретінде қарастырылуы мүмкін. Біз сауалнама жүргізген кейбір адамдар жауап алуға келуге байланысты міндеттемелерді орындамаған жағдайда ҚР ӘҚБтК 665-бабын қолдануға болады деп санайтындықтан, бұл ережені қажет деп санамайды. Бұған жол беруге болмайды, өйткені қылмыстық іс бойынша жауап алуға шақырылған тергеуші (анықтаушы) мен жәбірленуші (куә) арасындағы қарым-қатынас ҚР ӘҚБтК нормаларымен емес, қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен реттеледі.

Ақшалай айыппұлдың мөлшерін басқа құқық салаларындағы ұқсас мекемемен салыстырып көрейік.

ҚР ӘҚБтК 127-бабының 4-тармағына сәйкес соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақтылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақтылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

ҚР ӘҚБтК 665-бабына сәйкес прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, ал прокурордың, тергеушінің, анықтаушының заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен қойған талаптарын орындамау жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осылайша, жауап алуға дәлелді себептерсіз келмеумен байланысты міндеттемелерді орындамау өрескел бұзушылық болып табылады және сот ісін жүргізудің барлық түрлері бойынша ақшалай өндіріп алу мөлшерін бір жүйеге келтіріп қана қоймай, оның мөлшерін ұлғайту қажет деп санайтын авторлардың пікірімен келіскен жөн [6].

Сонымен, зерттеуді қорыта келе қылмыстық процестік кодексіне заңнамалық өзгерістер енгізуді талап ететін мынадай қорытындыға келдік:

1) ақшалай өндіріп алу түріндегі мәжбүрлеу шарасы қолданылуы мүмкін тұлғалардың нақты тізімін белгілеу қажет;

2) осы шешімді тергеу органының басшысымен немесе прокурормен келісе отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолдану өкілеттігін бекіту;

3) жүктелген міндеттемелерді орнындамаған тұлғаларға ақшалай өндіріп алудың бірыңғай ақша сомасын белгілеу.

Ақшалай өндіріп алуды ғалымдар дуалистік әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-процессуалдық сипатқа ие қылмыстық-процессуалдық жауапкершілік шарасы ретінде қарастырады [70], [8].

Сонымен бірге, мемлекеттік билік институтына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынатын әкімшілік айыппұлдарды қылмыстық процесте қолданылатын процессуалдық мәжбүрлеу шараларынан нақты ажырату қажеттігі орынды атап өтілген. Бұл ұстаным қылмыстық іс бойынша жаза тағайындау кезінде ақшалай жазаларды кешенді қолданудың тарихи тәжірибесіне негізделген: айыппұл түріндегі де, жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеу ретінде де [9]. Сонымен бірге, ақшалай өндіріп алу – процессуалдық міндеттерін бұзудан келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық процестік мәжбүрлеу шарасы деген тұжырыммен келісе алмаймыз [10]. Осы бойынша күмәндәндыратын «ақшалай айыппұл» мөлшерінің аздығы. Сонымен қатар, ақшалай өндіріп алу - тағайындалатын кінәлі іс-әрекеттер құрылымы бойынша нақты зиян түріндегі зардаптардың туындауын талап етпейтін формальды құрылымға ие. Ақшалай өндіріп алуды сот отырысында тәртіп бұзушыға ықпал ету немесе адамды процесстік міндеттерін адал орындауға мәжбүрлеу үшін қолданылатын процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде анықтауға болады. Нәтижесінде қылмыстық сот ісін жүргізуде әртүрлі істер бойынша тағайындалатын ақшалай өндіріп алудың ерекше түрлерінің болуын мойындайтын көзқарас сынға алынады [50]. Керісінше, ҚПК 159-бабының нормалары процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде қолданылуы мүмкін жағдайлардың екі тобын айқындайтын жалпы сипатта болады. Оны ҚПК 142-бабында белгіленген тәртіппен кепілгерге немесе кәмелетке толмаған адамға тиісінше қадағалауды жүзеге асырмаған адамға (ҚПК 144-бабы) қолдану олардың өздеріне жүктелген процессуалдық міндеттерін орындамауының салдары болып табылады. Бұл ретте, ҚПК 142 және 144-баптарында заң шығарушы қылмыстық процестік қатысушының «міндеті» құрылымын пайдаланды, оны орындамау ақшалай өндіріп алу

сипатындағы қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкеп соғады. Сонымен қатар, ақшалай өндіріп алу әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін жағдайларға ұқсас жағдайларда да қолданылады. ӘҚБтК-нің 653-бабында сот отырысында төрағалық етушінің бұйрығына бағынбағаны және сотта белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленген. Алайда қаралып отырған құқықбұзушылық сот отырысынан тыс жағдайда да жасалуы мүмкін, соның салдарынан ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолдану негізсіз болады. Мәселен, судьяның қаулысымен сот залына мас күйінде кіруге әрекеттенген азамат ҚР ӘҚБтК-нің 653-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылды [11]. Сот ғимаратында азаматтар қатты сөйлеген [12] немесе әдепсіз сөздерді қолданған [13] жағдайларда да осындай шешімдер қабылданған.

Өз кезегінде ҚК 410-бабында сот талқылауына қатысушыларды қорлау, яғни олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау арқылы көрсетілген сотты құрметтемеушілік үшін жауапкершілік көзделген. Мәселен, есірткі сатуға дайындалғаны үшін сотталушы азамат сот отырысы барысында айыптаушы тараптың куәгерлерінің біріне балағат сөздер айтқаны үшін сот үкімі бойынша ҚК 410-бабының 1-бөлігімен сотталды. Атап айтқанда, ол куәгерге қарсы сөз сөйлеу мәдениетінің жалпы қабылданған нормаларын бұзатын, сөз сөйлеу мәдениетінің әдепсіз түрі болып табылатын, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын және сотқа құрметсіздік танытатын қорлайтын және әдепсіз сөздер қолданған [14]. Қаржылық ықпалды көздейтін жағдайлардан айырмашылығы, бұл жағдайда нақты объективті және субъективті белгілермен сипатталатын дербес қылмыс жасалады, соның нәтижесінде жеке қылмыстық іс тіркеу қажет болады. Сонымен, ӘҚБтК-нің 653-бабында және ҚК-нің 410-бабында көзделген әрекеттер құқыққа қарсы мінез-құлықтың аса қауіпті нысандары болып табылады және құқық бұзушылық немесе қылмыс жасаудың барлық мән-жайларын белгілеу үшін бөлек іс жүргізуді талап етеді. Өз кезегінде, сот отырысында тәртіпті бұзатын немесе іс жүргізу міндеттерін

орындамаумен байланысты (анық мән-жайларда жасалған және оларды жасауға адамның кінәсін анықтау үшін қосымша рәсімдерді талап етпейтін) іс-әрекеттер жасағаны үшін ҚПК 159-бабының мағынасында ақшалай өндіріп алу тағайындалады. Осыған байланысты ақшалай өндіріп алу қолдану туралы мәселе ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық процесс шеңберінде тергеуші, анықтаушы толтырған хаттама негізінде немесе судьяның қаулысы негізінде шешілуі мүмкін.

Сот отырысының хаттамасында не ҚПК 160-бабының 2-бөлігінде белгіленген тәртіппен тергеуші, анықтаушы толтырған хаттамада көрсетілген тұлғаның процессуалдық міндеттерін немесе сот отырысында тәртіпті бұзуды жасағанын сенімді түрде сипаттайтын нақты деректер ақшалай өндіріп алу тағайындау үшін негіз болып танылуға тиіс. Бұл нақты деректерді талдау, бір жағынан, ақшалай өндіріп алуды қолдануға, ал екінші жағынан, адамның іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылықтың немесе қылмыстың белгілерінің жоқтығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ақшалай өндіріп алуды тек сот тағайындай алады, бұл процессуалдық мәжбүрлеудің осы шарасының ерекше сипаты туралы айтуға мүмкіндік береді. Тергеуші немесе анықтаушы ақшалай өндіріп алу тағайындау үшін тек жағдай жасайды, оның негіздерін анықтап, заңда белгіленген нысан бойынша рәсімдейді.

Осыған байланысты қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндірісте ақшалай өндіріп алуды қолдануды оңтайландыру мақсатында оны тергеуші немесе анықтаушы толтырған хаттама негізінде тағайындаудың белгілі бір перспективасы бар. Ақшалай өндіріп алуды қолдану шарттарының қатарына мыналар жатады:

- 1) қылмыстық іс бойынша өндірістің болуы;
- 2) жәбірленушінің немесе куәнің қатысуымен тергеу немесе сот әрекеттерін жүргізу қажеттілігі;
- 3) процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға уәкілетті тиісті субъектінің болуы;

4) тиісті процестік мәртебесі бар және оның қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болдырмайтын иммунитеті жоқ адамның болуы.

Сонымен қатар, ақшалай өндіріп алуды қолданудың қосымша шарты құқық бұзушылық үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік шараларын қолдану қажеттілігінің болмауы деп есептейміз. ҚПК 159-бабының ережелерін зерделей заң шығарушы қылмыстық процеске кез келген қатысушыға қатысты мөлшерін сот айқындайтын ақшалай өндіріп алуды қолдану қажет деп тұжырымға келуге болады. Бірақ бұл міндетті талап емес сияқты. Өйткені, 16 жасқа толмаған кәмелетке толмағандар, ақыл есі дұрыс емес адамдар, сондай-ақ оларға қатысты басқа ықпал ету шаралары қолданылған адамдар ақшалай өндіріп алуға тартылмайтыны анық. Мысалы, анықтаушының, тергеушінің немесе соттың шақыруы бойынша келуден жалтару кезінде ең тиімдісі күштеп әкелуді қолдану болады, өйткені бұл жәбірленушінің немесе куәнің қатысуымен тергеу немесе сот әрекеттерін жүргізуге кепілдік беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, күштеп әкелуді пайдалану бұл жағдайда ақшалай өндіріп алуды қолдануды болдырмайды, өйткені заң аналогиясы бойынша адамға қолданыстағы процессуалдық мәжбүрлеу шараларының бірі қолданылуы мүмкін. Мұндай норманы ҚПК 140-бабының 1-бөлігінде бұлтартпау шараларына қатысты белгілей отырып, заң шығарушы өзге де процестік мәжбүрлеудің шараларына қатысты жекелеген түсіндірмелер бермеген. Бірақ бұл шаралардың нақты тізбесі және оларды қолдану мақсаттары жәбірленушіге немесе куәға бір уақытта олардың біреуі ғана қолданылуы мүмкін деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Іс жүзінде күдіктіге (айыпталушыға) қатысты ерекше ережелер қарастырылуы мүмкін, мысалы, одан келу туралы міндеттеме алынуы мүмкін, сондай-ақ оған қатысты мүлікке тыйым салу туралы шешім қабылдануы мүмкін, сөйте тұра өзі уақытша қызметінен босатылуы мүмкін. Бірақ бұл шаралардың мақсаттары әртүрлі және қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде әртүрлі жағдайлардың туындауына байланысты қолданылады. Тергеуші немесе анықтаушы шақырған

кезде келмегені үшін бұл шараларды бір уақытта қолдану күдіктінің (айыпталушының) еңбек және мүліктік құқықтарын негізсіз шектейтін шектен тыс қатал және репрессиялық болатыны анық.

Сонымен қатар, сот отырысында ҚПК 346-бабының 1-бөлігінде көзделген тәртіппен сот отырысы залынан шығару туралы шешім қабылданған жағдайларда ақшалай өндіріп алу тағайындау орынсыз екені анық. Бұл ретте заң шығарушы екі шараның бірін балама қолдануды тікелей көрсетті: сот отырысы залынан шығару немесе ақшалай өндіріп алуды қолдану.

Осылайша, сот отырысында тәртіпті бұзған субъектіге қатысты ақшалай өндіріп алуды қолдану априори болып табылмайды. Ғалымдар жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге, сарапшыға, маманға және аудармашыға ақшалай өндіріп алуды қолданудың орынсыздығы туралы ұстанымын білдірді, одан осы шараның куәлар мен куәгерлерге қатысты жеткіліктілігі туралы қорытындылауға болады [15]. Алайда, бұл, біздің ойымызша, қолдану негізі деп осы субъектілердің тергеу және сот әрекеттеріне қатысуын қамтамасыз етудің белгіленген тәртібін қорғау үшін деп ақшалай өндіріп алуды қолдану аясын тарылтады, ал ҚПК 159-бабына сәйкес ол негіздер әртүрлі болуы мүмкін.

Ақшалай өндіріп алу қылмыстық процестік жауапкершілігі шарасы ретінде де, процеске қатысушылардың қаңға қайшы мінез-құлқы үшін әкімшілік жаза ретінде де танылатын көзқарас ерекше қызығушылық тудырады [16]. Алайда, бір құқық бұзушылық ақшалай айыппұл салу немесе әкімшілік жаза қолданудан тұратын құқықтық салдардың тек біреуіне ғана әкеп соғуы мүмкін екенін түсіндіру қажет. Сонымен қатар, белгіленген тәртіп ережелерін бұзу жалғасын тауып жатса субъектіге процессуалдық мәжбүрлеу де, қылмыстық жауапкершілік те қолданылуы мүмкін. Мәселен, қылмыстық істердің бірінде сотқа келуден жалтарған куәгер сот залына күштеп әкелінді. Сот отырысының басталуын күткеніне наразы болған куәгер сот ғимаратынан рұқсатсыз шығып кетпек болған, бірақ сот орындаушылар оны кері қайтарған.

Осыдан кейін ол көпшілік алдында үш адамның көзінше судьяны балағаттап, оның жеке басына қатысты теріс баға беріп, оның сөз әрекеті туралы теріс ақпарат берген. Сот үкімімен ол ҚК 410-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылды [14]. Тиісінше, бұл жағдайда күштеп әкелуді қолдану соттың шақыруы бойынша келмеуі, ал ҚК 410-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекетті жасау қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі болып табылады.

Сонымен, ақшалай өндіріп алу – сот отырысында тәртіп бұзған тұлғаға ықпал ету немесе адамды процессуалдық міндеттерін сәйкес орындауға мәжбүрлеу үшін қолданылатын процессуалдық мәжбүрлеу шарасы. Тұлғаның процессуалдық міндеттерін немесе сот отырысында тәртіпті бұзуды жасағанын сипаттап көрсететін сот отырысы хаттамасында, не ҚПК 160-бабының 3-бөлігінде белгіленген тәртіппен тергеуші, анықтаушы толтырған хаттамада тіркелген нақты деректер ақшалай өндіріп алуды қолдану үшін негіз болып табылады. Ақшалай өндіріп алуды қолданудың қосымша шарты – құқық бұзушылық үшін әкімшілік немесе қылмыстық жаза қолданудың қажеті жоқтығы.

1.2. Қылмыстық процесті жүргізуде ақшалай өндіріп алуды құқықтық реттеу және тағайындау

Қылмыстық процесс теориясында «мәжбүрлеу», «қылмыстық процестік мәжбүрлеу», «қылмыстық процестік өзге де мәжбүрлеу шаралары» ұғымдарын зерделеуге көп көңіл бөлінеді. Қазақстанның прогрессивті жаңа ҚПК-ін дайындау, қабылдау кезеңінде және қолданысқа енгізілгеннен кейін қылмыстық-процестік мәжбүрлеу мәселелерін зерттеу жанданды.

Сонымен, заңнамада көзделген процестік міндеттерін орындамағаны үшін ҚР ҚПК-тің 65-1, 71, 78, 80, 81, 82, 90, 142, 144, 156, 165-бабында және сот отырысында тәртіпті бұзу адвокатты, прокурорды және сотталушыны

қоспағанда, қорғауға құқығы бар куәға, жәбірленушіге, куәға, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға ҚР ҚПК-нің 160-бабында белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. ҚР ҚПК-нің 159-бабында көрсетілген жағдайларда ақшалай өндіріп алуды сот қолданады.

Егер тиісті бұзушылыққа сот отырысы барысында жол берілсе, онда Сот өндіріп алуды осы бұзушылық анықталған сот отырысында қолданады, бұл туралы сот қаулысы шығарылады. Егер тиісті бұзушылыққа сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жол берілсе, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам немесе прокурор бұзушылық туралы хаттама жасайды, ол тергеу судьясына жіберіледі, ол оны сотқа келіп түскен кезден бастап бір тәулік ішінде қарайды. Сот отырысына ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін адам шақырылады. Тәртіп бұзушының дәлелсіз себептермен келмей қалуы хаттаманы қарауға кедергі болмайды.

Хаттаманы қарау нәтижелері бойынша судья айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдану немесе оны қолданудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Қаулының көшірмесі хаттама жасаған адамға және ақшалай өндіріп алу қолданылған адамға жіберіледі. Ақшалай өндіріп алу қолданылған кезде сот қаулының орындалуын 3 айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыруға немесе ұзартуға құқылы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшысы Бектас Бекназаров 2013 жылғы 28 мамырда Киевте Украина Жоғарғы сотында делегация құрамында өткен кездесуде «Қазақстанның жаңа Қылмыстық процестік кодексі 90% дерлік Украина кодексіне ұқсас» деген [17].

2012 жылы жаңа Қылмыстық процестік кодексін қабылдаған Украина бұрынғы 1960 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексімен салыстырғанда, шақырылған адамның тергеуші, прокурор немесе судья алдына келуін камтамасыз ету мәселелерін егжей-тегжейлі реттеді.

«Ақшалай өндіріп алу» ұғымы ҚР ҚПК-де 25 рет айтылған, оны қолданудың негізгі регламенттелуі ҚР ҚПК-нің 159, 160-баптарында көрсетілген. Оны қолданудың заңи негіздемесі болатын ҚР ҚПК-де тұлғаның «келмеуі» термині 49 рет айтылған.

Құқықтық салыстырма түрінде зерделеп қарасақ, Украина ҚПК-де «ақшалай өндіріп алу» туралы 13 рет айтылған. «Келмеу» терминінің орнына Украина кодексі «келуден жалтару», «келу» сияқты тіркестерді қарастырып, ал «келмеу» термині тек 1 рет қолданылады. Қылмыстық процесті қамтамасыз етудің бір түрі Украина Қылмыстық кодексінің 131-бабында ақшалай өндіріп алу көрсетілген. Украинаның ҚПК-нің 144-бабы Кодексте белгіленген тәртіппен шақырылған күдіктіге, айыпталушыға, куәгерге, жәбірленушіге, азаматтық жауапкерге қолданылуы мүмкін жаза мөлшерін реттейді. Процеске қатысушылардың осы санатына (05.11.2014 ж. жағдай бойынша Украина Ұлттық Банкінің бағамына сәйкес) мөлшерде ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін:

- 0,25-тен (304,50 грн., бұл 4251,16 теңге) 0,5 - 609 грн дейін. ең төменгі жалақы мөлшері (теңгемен есептегенде 8502, 31) - тергеушінің, прокурордың шақыруына келмеген жағдайда;

- 0,5 -609 грн. ең төменгі жалақының 2 мөлшеріне дейін (теңгемен есептегенде 8502, 31) -2436 грн. (теңгемен есептегенде 34009, 25) тергеу судьясының, соттың шақыруына келмеген жағдайда.

Украинаның ҚПК 139-бабының 1-бөлігіндегі азаматтық талапкер туралы айтылмаған. Алайда оған тергеушінің, прокурордың, тергеу судьясының және соттың шақыруына келу міндеті жүктеледі. Украинаның ҚПК 61 бабының 3 тармағына сәйкес азаматтық талапкер жәбірленуші үшін көзделген міндеттерге ие және сәйкес шақыру бойынша келуге міндетті (Украина ҚПК-нің 57-бабының 1-бөлігінің 1-тармағы) [18].

ҚР ҚПК - не келетін болсақ, 160-баптың 4-тармағы хаттаманы қарау нәтижелері бойынша судья елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде

ақшалай өндіріп алу туралы қаулы шығарады. Мәселен, Украиналық ақпаратқа сәйкестендірсек, мұндай айлық есептік көрсеткіш 2014 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда 1 852 теңгені құрады, сәйкесінше $1\ 852\ \text{теңге} * 50 = 92600\ \text{теңге}$.

ҚР ҚПК-де Украина кодексінен айырмашылығы ақшалай өндіріп алудың төменгі шегі жоқ, тек жоғарғы шекара ғана бар және Украинаның ҚПК-ге қарағанда екі есе көп.

Бұл құқықтық салыстырмадан ҚР ҚПК-де ақшалай өндіріп алудың төменгі деңгейін белгілеу дұрыс болар еді деген қорытынды жасауға болады. Егер ҚР ҚПК авторлары төменгі шегін көрсетпей, осылайша жазаны әлеуметтік бағытта жасауға тырысса (мысалы, кедей адамға жаза аз, ал бай адамға - ең үлкен мөлшерге дейін қолданылады), онда құқық бұзушының мүліктік жағдайына сілтеме жасау керек деп санаймын. Қазіргі уақытта табысы өте жоғары адамдар санаты бар. Сонымен қатар, өндіріп алудың төменгі шекарасын бекіту табыс деңгейі төмен адамдарға сараланған түрде жақындауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда ҚР ҚПК-дегі ақшалай өндіріп алу деңгейін неғұрлым егжей-тегжейлі пысықтау немесе қазіргі бар ережелерді неғұрлым егжей-тегжейлі дәлелдеу қажет. ҚР ҚПК - де ақшалай өндіріп алуға жататын адамдар тобы 159-бапта белгіленген-өндіріп алу жәбірленушіге, куәға, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға қолданылуы мүмкін.

ҚР ҚПК-нің оңтайлы тұсы ретінде ақша өндіріп алу қолданылуы мүмкін субъектілеріне -маман мен аудармашыны қосылуын айтуға болады. Бірақ, қылмыстық процестің күдікті, айыпталушы, азаматтық жауапкер, азаматтық талапкер, азаматтық талапкердің және жауапкердің өкілдері сияқты басқа да субъектілері көрсетілмеген.

ҚР ҚПК-де «өзге тұлғалар» терминін түсіндіру үшін ҚР ҚПК-нің 7-бабының (осы Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру) 26-тармағына жүгіну қажет, онда қылмыстық процеске қатысатын өзге адамдар деп сот отырысының хатшысы, аудармашы, куә, куәгер, сарапшы, маман, сот приставы, медиатор түсініледі. Көріп отырғанымыздай, күдікті, айыпталушы,

азаматтық жауапкер, азаматтық талапкер өзге адамдар санатына кірмеген, ал тиісінше ҚР ҚПК - нің кемшілігі бар-күдіктіні, айыпталушыны, азаматтық жауапкерді, азаматтық талапкерді, олардың өкілдерін осындай өндіріп алуға жататын адамдардың ортасында болмауына байланысты ақшалай өндіріп алуға тарту мүмкін еместігі.

Украина ҚПК - нің 139-бабында ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін адамдардың санаты күдіктіге, айыпталушыға, куәгерге, жәбірленушіге, азаматтық жауапкерге деп толық көрсетілген. Украинаның қылмыстық іс жүргізу кодексінің кемшілігі-бұл шеңберге азаматтық талапкер, қорғаушы, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, азаматтық талапкер және жауапкер өкілдері сияқты қылмыстық процеске қатысушылар кірмеген.

Украина ҚПК-нің 324-бабы, егер прокурор немесе қорғаушы қылмыстық іс жүргізуге сот отырысына келмесе, сот оларды тәртіптік жауапкершілікке тартуға заңды түрде уәкілеттік берілген органдардың алдында прокурордың немесе адвокаттың жауапкершілігі туралы мәселе қояды. Яғни, қорғаушы мен прокурор ақшалай өндіріп алуға жатпайды, тек тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Азаматтық талапкерге, азаматтық талапкер мен жауапкердің өкілдеріне келетін болсақ, Украина заң шығарушысы оларды қандай да бір себептермен ақшалай өндіріп алуды қолдануға болатын субъектілер ретінде көрсетпеді.

Украина ҚПК 144-бабының 2-бөлігінде де, ҚР ҚПК 160-бабының 3-бөлігінде де тергеуші прокурормен ақшалай өндіріп алу туралы өтінішті келісуі тиіс деп көрсетілмегеніне назар аударған жөн. Бұл аталған норманың кемшілігі болып табылады, оны жою қажет.

Украинаның ҚПК-нің 146-бабының 1-бөлігінің ережесі ақша өндіріп алу туралы өтініш жасаған лауазымды адамның келмеуі оны қарауға кедергі келтірмейді деген пікірге қарсылық білдіреді. Мұндай лауазымды адам (тергеуші, прокурор) міндетті түрде сот отырысына қатысуға және қылмыстық

іс жүргізуде жаза қолданылатын адамның өзінің процестік борышын орындамағанын дәлелдеуге тиіс.

ҚР ҚПК 160-бабы 3-тармағында құқықбұзушының дәлелсіз себептермен келмей қалуы хаттаманы қарауға кедергі келтірмейтіні бекітілген. Қылмыстық іс жүргізуде жаза қолданылатын адамның "құқық бұзушы" деген атауына көрінеу айыпталушы қарсылық білдіреді, дегенмен оны тек сот қана құқық бұзушы деп тани алады. ҚР ҚПК-нің 160-бабында ақшалай өндіріп алу туралы хаттама енгізген лауазымды адамның отырысқа жеке өзі қатысуы және қылмыстық іс жүргізуде жаза қолданылатын адамның өзінің процестік борышын орындамағанын лауазымды адамның жеке өзі дәлелдеуі тиіс екендігі көрсетілмеген.

Жоғарыда келтірілген құқықтық салыстырмалы зерттеуді қорыта келе келесідей тұжырымдаға келеміз:

1. ҚР ҚПК 160-бабының 3-тармағындағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: «Сот отырысына ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін адам және ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы хаттама енгізген лауазымды адам шақырылады. Хаттаманы енгізген лауазымды адам дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, мұндай хаттама қараусыз қалдырылады және оны қайтадан беруге болмайды. Ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін адам дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, хаттама енгізген лауазымды адам болған кезде, хаттама қаралуға жатады».

2. Күдікті, айыпталушы, азаматтық жауапкер, азаматтық талапкер, азаматтық талапкердің өкілі, азаматтық жауапкердің өкілі ақшалай өндіріп алуға жататын адамдар тобын толықтыра отырып, ҚР ҚПК-нің 159-бабына өзгерістер енгізу қажет.

3. ҚР ҚПК 160-бабының 4-тармағы мынадай мәтінмен толықтырылсын: «ақшалай өндіріп алу қолданылған адам шешіммен танысқан күннен бастап үш тәулік ішінде судьяның (тергеу судьясының) шешіміне шағым бере алады».

4. ҚР ҚПК 107-бабының 10-тармақшасын толықтыру қажет: «ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы шешім».

Жаңа Қылмыстық-процестік кодекстің бастапқы қолданылу кезеңінде (2015 жылғы қаңтардан бастап 2021 жылғы маусымға дейін) ақшалай өндіріп алу түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шарасын қолдану тәжірибесінде ақшалай өндіріп алуды қолдану мүмкін тұлғалардың шеңберін анықтау мәселесі болды. Талқыланатып отырған мәселе қылмыстық процесс теориясында ғана емес, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесінде де әркелкі құқықтық талқылаулар болды. Куәлар мен жәбірленушілерге ақшалай өндіріп алу қолданумен қатар процеске басқа қатысушыларына да бұл мәжбүрлеу шарасын қолдану жағдайлары орын алды.

ҚПК 155-бабының 2-бөлігіндегі заңи норма да мінсіз емес. Онда бірнеше елеулі кемшіліктер бар.

Біріншіден, бұл ақшалай өндіріп алуды қолдануға соттың ғана емес, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың да құқығы бар, дегенмен мұндай құқық тек сотта ғана болады деуге негіз береді.

Екіншіден, ақшалай өндіріп алу қолданылатын қылмыстық процеске қатысушылардың ішінде жәбірленуші, куә және іске қатысушы басқа да тұлғалар аталса, 73-бап «Азаматтық талапкер», 74-бап «Азаматтық жауапкер», 75-бап «Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның заңды өкілдері», 76-бап «Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының өкілдері», 77-бап «Азаматтық жауапкердің өкілдері», 79-бап «Сарапшы» мұндай жауапкершілік шараларын қамтымайды. Яғни бұл нормалар арасында айқын сәйкессіздік бар.

Үшіншіден, ҚПК 155-бабының 2-бөлігі процестік мәжбүрлеудің үш шарасына қатысты тұжырымдалған: келуге міндеттеу, күштеп әкелу және ақшалай өндіріп алу. Бірақ бұл шараларды қолдануға уәкілетті лауазымды тұлғалардың тізімі, олар қолданатын қылмыстық процеске қатысушылардың шеңбері, сондай-ақ оларды қолдану тәртібі әртүрлі.

Талданап отырған қылмыстық процестік нормаларының нақты редакциялық жетілмегендігі олардың теорияда да, тәжірибеде де басқаша түсініліп, талқылануына әкеліп соқтырғанын атап өту қажет оған Қылмыстық процестік кодекске қаралып отырған бөлігінде келтірілген ғылыми-тәжірибелік түсініктемелердің мазмұны айқын дәлел.

ҚПК 155-бабының 2-бөлігінің редакциялық кемшіліктеріне қарамастан, онда ақшалай өндіріп алудың Қылмыстық процестік кодексте көзделген жағдайларда ғана қолданылатыны көрсетілген. Бұл процестік міндеттерді орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алудың салынуы мүмкін адамдар шеңберінің осы процестік мәжбүрлеу шарасының осы немесе басқа қатысушыға қолдану мүмкіндігі заңда тікелей белгіленген жағдайларда ғана айқындалатын дәлелді себептерді қамтамасыз етеді.

ҚПК 159-бабында «көзделген процестік міндеттерді орындамағаны үшін» деген де түсініксіз тұжырымдалған. Бұл нормаға ҚПК 155-бабы арқылы талдау жасасақ сөзбе-сөз мағынасында қылмыстық процеске кез келген қатысушыға ақшалай өндіріп алу қолданылауы мүмкін дегенді білдіреді. Ресей зерттеушісі Е.Варпаховскаяның ресей заңнамасы бойнша келтірген қорытындысы, отандық заңнама бойнша да, яғни «процессуалдық мәжбүрлеу шараларының бұл түрі азаматтық жауапкерге анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, сотқа шақыруы бойынша келмегені үшін; қорғаушыға - күдіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартқаны үшін; сарапшыға ҚПК 79-бабында көзделген міндеттерін бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін» дәл осындай қорытындыға келуге болады.

Бұл ретте, ҚПК 155-бабының 2-бөлігі аталған процестік мәжбүрлеу шарасының қолданылу аясын айтарлықтай шектейді, ал қылмыстық іс жүргізу заңнамасында қылмыстық процесте өз міндеттерін орындамаған адамдарға сот ақшалай өндіріп алуды қолданылуы мүмкін болатын екі жағдай ғана нақты көрсеткен.

Зерттелетін қатынастардың шеңберінде іс жүзінде қылмыстық процеске қатысушылардың қатарына қосылмаған тұлғаларға заңда ақшалай өндіріп алу қолдануды мүмкіндік беретіні де назар аударарлық. Қылмыстық процестік кодекстің қылмыстық процеске қатысушыларға арналған тарауларының бірде-бірінде кепілдік беруші де, кәмелетке толмаған күдікті қадағалауындағы адам да аталмаған. Олар қылмыстық процеске тартылған өзге тұлғалар деп танылады. Сондықтан формальды тұрғыдан алғанда, ҚПК 159-бабының редакциясы анық осал және жетілдіруді қажет етеді.

Қылмыстық процестік кодекстің көздеген міндеттерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алуға тартылуы мүмкін қылмыстық процеске қатысушылардың шеңбері туралы мәселе бойынша айтылғандарды қорытындылай келе, біз келесі қорытындыларды тұжырымдаймыз.

1. Ақшалай өндіріп алуды қолдануды реттейтін қылмыстық процестік нормаларының редакциялық жетілдірілмегендігі және сәйкес келмеуі олардың теорияда да, тәжірибеде де басқаша түсінілуіне және талылануына әкеп соқты, бұл туралы жарияланған ғылыми-практикалық түсініктемелердің мазмұны айқын дәлелдейді. Қылмыстық процестік кодекстің қарастырылып отырған бөлігінде процессуалдық міндеттерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алуға тартылуы мүмкін қылмыстық процеске қатысушылардың шеңберін анықтауға ғалымдар арасында жалпы қабылданған көзқарастың жоқтығы.

2. 2021 жылы ҚПК 159-бабына енгізілген өзгерістердің нәтижесінде заң шығарушы ақшалай өндіріп алудың тағайындалуы мүмкін қылмыстық процеске қатысушылардың шеңберін кеңейтті. Сол тұста ҚПК 155-бабының 2 тармақшасы негізінде азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің, сарапшының және басқа да тұлғалардың процессуалдық мәртебесін белгілейтін Қылмыстық процестік кодекстің баптарының құрылымдық-дизайнын ескере отырып, оларға іс жүргізу міндеттерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алу түріндегі жауапкершілік туралы нормаларды енгізу қисынды сияқты.

3. Қылмыстық процесті жүргізуге уәкілетті лауазымды адамдар, егер олар өздерінің іс жүргізу міндеттерін орындамаса, ақшалай өндіріп алуға тартылуы мүмкін емес, өз кезегінде тәртіптік жауаптылыққа, ал егер олар жасаған бұзушылықтарда әкімшілік құқықбұзушылық немесе қылмыс құрамы болса, сәйкес жауаптылыққа тартылады.

ҚПК 159-бабының, 346-бабының 1, 4-бөліктерінің сот отырысында тәртіп бұзушыларды ақшалай өндіріп алу тағайындау түріндегі жауапкершілікке тарту бөлігінде іс жүзінде қолдану барысында оның әрекеті қолданылатын адамдар шеңбері өзекті болады. Қылмыстық процесс теориясында да ҚПК 159-бабының және 346-бабының 1, 4-бөліктерінің қолданылу аясы бойынша ортақ пікір жоқ. Бұл жағдай объективті түрде, бір жағынан ҚПК 159-бабының және 346-бабының 1, 4-бөліктерінің мазмұнының нақты және түсінікті болмауынан, екінші жағынан, олардың бір-бірімен уйлесімсіз бірізді болмауынан туындап отыр. Сондықтан сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін сот ақшалай өндіріп алуды қолдана алатын тұлғалар шеңберін анықтаудың маңызды теориялық және практикалық мәні бар.

2 Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексте қарастырған міндеттерді орындамағаны үшін қылмыстық іс жүргізуге қатысушыларға ақшалай өндіріп алуды қолдану

2.1 Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексте қарастырылған міндеттерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алуды қолданылуы мүмкін қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар шеңбері.

Ақшалай өндіріп алуды қолдану ҚПК 65-1, 71, 78, 80, 81, 82, 90, 142, 144, 156 және 165-баптарымен реттеледі. Қылмыстық-процестік мәжбүрлеудің осы шарасына арнайы арналған «Ақшалай өндіріп алу» ҚПК 159-бабы келесідей тұжырымдалған: «Осы Кодекстің 65-1, 71, 78, 80, 81, 82, 90, 142, 144, 156 және 165-баптарында көзделген процестік міндеттерді орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін, адвокатты, прокурор мен сотталушыны қоспағанда, қорғалуға құқығы бар куәге, жәбірленушіге, куәге, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға осы Кодекстің 160-бабында белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін».

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 155-бабының 2-бөлігі де ақшалай өндіріп алудың тағайындалуы мүмкін қылмыстық процеске қатысушылардың шеңберін анықтауға негіз болып табылады. Түпнұсқа басылымда ол келесідей тұжырымдалған:

«2. Қылмыстық процесті жүргізетін орган осы Кодексте көзделген жағдайларда жәбірленушіге, куәға және іске қатысатын басқа да адамдарға процестік мәжбүрлеу шараларын: келу туралы міндеттемені, күштеп әкелуді, ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы».

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 155 және 159-баптарын талдай отырып, кейбір процессуалист-ғалымдар ақшалай өндіріп алу негізінен қылмыстық процестің кез келген қатысушысына тағайындалуы мүмкін деген қорытындыға

келді. М.Ч.Қоғамовтың пайымдауы бойынша «Талқыланып отырған баптың мәтінінен, егер осы бапта көзделген негіздер болса, сот іс жүргізуді жүзеге асыратын органның немесе лауазымды тұлғаның қылмыстық іске тартылған кез келген қылмыстық процеске қатысушыға ақшалай өндіріп алуды тағайындауы мүмкін» [19].

Л.Н.Масленникова да қылмыстық процестің кез келген қатысушысына ақшалай өндіріп алуды қолдану мүмкін деп есептейді. Алайда, бұл процессуалдық мәжбүрлеу шарасын қолдану ҚПК 155-бабының 2-бөлігінің нормаларымен де реттеледі, мұнда ақшалай өндіріп алуды тағайындау Қылмыстық процестік кодексте тікелей көзделген жағдайлармен байланысты. Бұндай екі жағдай ғана бар, олар төменде талқыланатын болады (ҚПК 142-баптың 5-бөлігі, 145-баптың 4-бөлігі).

А.П.Коротков бұл мәжбүрлеу шарасының ережелерін кеңінен талқылай отыра «...жәбірленушіге, куәға және қылмыстық процеске басқа да қатысушыларға (мысалы, аудармашыға, маманға), тергеу органдарының немесе соттың шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайларда, ақшалай өндіріп алу тағайындалуы мүмкін» деп пайымдайды [20]. Ол сондай-ақ айыпталушыға, күдіктіге, жәбірленушіге, куәге келу міндетін бұзған жағдайда оларға ақшалай өндіріп алу тағайындалуы мүмкін деген пікірде. Авторды ҚПК 155-бабының 2-бөлігінде нақты көрсетілген, оған сәйкес ақшалай өндіріп алу Қылмыстық процестік кодексте көзделген жағдайларда ғана тағайындалатыны, ал азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, сарапшы, алқаби туралы нормаларда олардың процессуалдық міндеттерін орындамағаны үшін мұндай «жаза» қарастырылмаған алаңдатпайды. Демек, А.П.Коротковтың Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 159-бабының негізінде ақшалай өндіріп алу тағайындалуы мүмкін тұлғалар шеңбері мәселесі бойынша көзқарасы заңнамаға толық негізделмеген.

С.П.Щерба ақшалай өндіріп алуды қолданылатын қылмыстық процеске қатысушылардың шеңберін айтарлықтай тарылтады. Бұл шеңберге ол тек

күдікті, айыпталушы, куә, жәбірленуші, кепіл беруші және кәметке толмаған күдікті (айыпталушы) бақылауында болған адам ғана кіргізеді [21].

И.Л.Петрухин талқыланатын мәселе бойынша онша айқын позиция ұстанбайды, және оның тұжырымынша «Ақшалай өндіріп алу барлық процессуалдық міндеттерді орындамағаны үшін ғана емес, Қылмыстық процестік кодексте тікелей көрсетілгендерін бұзғаны үшін ғана тағайындалуы мүмкін. Атап айтқанда, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмеген куәлар мен жәбірленушілерге; зерттеу жүргізуден және қорытынды беруден негізсіз бас тартқан маманға; өздеріне жүктелген міндеттерді адал емес орындайтын аудармашыларға және т.б. ақшалай өндіріп алу салынуы мүмкін» [22] И.Л.Петрухин, егер адамдарға өз міндеттерін орындау үшін «процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану жеткілікті болса, оларға ақшалай өндіріп алуды тағайындауға жол берілмейді (мысалы, тексеру, қарау, тінту, алу, салыстырмалы зерттеу үшін үлгілерді алу кезіндегі қарсылық білдіруде)» деп санайды.

Біріншіден, И.Л.Петрухин қылмыстық процеске қатысушылардың әрқайсысына заңда тікелей көзделген міндеттерден басқа тағы қандай міндеттерді меңзеп отырғаны белгісіз.

Екіншіден, ғалымның пікірінше, жалпы ақшалай өндіріп алу негізінен қылмыстық процестің кез келген қатысушысына заңмен жүктелген процессуалдық міндеттерін орындамаған жағдайда тағайындалуы мүмкін. Осыған байланысты талданған көзқарас, жасалған ескертпелерге қарамастан, әлі де ҚПК 159-бабының мәтінін ресми талқылауына негізделген және М.Ч.Қоғамовтың ұстанған позициясынан көп айырмашылығы жоқ.

Үшіншіден, И.Л.Петрухиннің ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы тұжырымдаған шарты (яғни, қылмыстық процеске қатысушылардың өз міндеттерін орындауын процестік мәжбүрлеудің өзге де шаралары арқылы қамтамасыз ету мүмкін еместігі) қолданыстағы заңнамада қарастырылмаған

және одан туындамайды. Сонымен қатар, заң қылмыстық процеске бір қатысушыға бірден бірнеше процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдануға тыйым салмайды, ал ақшалай өндіріп алу өзі заңмен өзге де процессуалдық мәжбүрлеу шараларына жатады.

Жоғарыда айтылғандардан өзгеше көзқарасты Б.Т.Безлепкин былай білдірді: «Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шарасы ретіндегі ақшалай өндіріп алу, егер ол процессуалдық міндеттемесін орындамағаны үшін санкция түріндегі тиісті бапта тікелей көзделген болса ғана қолданылады, мысалы, жеке кепілдікпен сияқты жағдайда, (ҚПК 142-бабының бесінші бөлігі) [23]. Талқыланып отырған мәселелерді шешуде Б.Т.Безлепкиннің таңдаған тәсілі ең дұрыс және тиісті қылмыстық процестік нормаларының мазмұнын адекватты түрде көрсететін сияқты.

Талқыланып отырған мәселе бойынша қарама-қайшы позицияны К.Б.Калиновский білдірді. Ол Қылмыстық процестік кодекстің «Мемлекеттік органдар мен қылмыстық процеске қатысушы тұлғалар» атты 2-бөлімінде көрсетілген кез келген тұлғаларға, оның ішінде: қылмыстық процесті жүзеге асыратын, өздері процестік мәжбүрлеу шараларын қолданатын субъекті болып табылатын лауазымды адамдарға; айыпталушы мен күдіктіге қатысты, өйткені процестік мәжбүрлеудің басқа шаралары жүйесінде айыпталушы мен сезіктіге қолданылатын шаралардың ішінде бұл шара көрсетілмеген деп ақшалай өндіріп алу тағайындалмайтынын дұрыс атап көрсетеді. Жеке кепілгерге, кәмелетке толмаған айыпталушыны немесе күдіктіні қадағалауға алған және тиісті мінез-құлқын қамтамасыз етпеген адамға, сот отырысы залында болған адамдарға қатысты ақшалай өндіріп алуды қолдану заңда тікелей немесе жанама көзделгенін дұрыс көрсете отырып, тәртіпті бұзу, төрағалық етушінің немесе сот приставының өкімдеріне бағынбау үшін, біздің ойымызша, К.Б.Калиновский қылмыстық процеске қатысушылардың шеңберін, оның ішінде жәбірленуші, куәмен қатар сарапшымен, азаматтық жауапкермен, педагогпен және психологпен негізсіз кеңейтті [24]

Бірқатар процессуалист-ғалымдар таза ресми ұстанымды ұстанады және заң шығарушы процессуалдық міндеттемесін орындамағаны үшін санкция түрінде тиісті бапта тікелей көзделген жағдайда ғана ақшалай өндіріп алуды қолданылатын тәртіпті белгілейді деп есептейді. Қылмыстық іс жүргізу кодексінде мұндай екі жағдай ғана бар. Ақшалай өсімпұл: 1) жеке кепілдік түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау кезінде өз міндеттемелерін орындамаған кепілгерге (142-баптың 5-бөлігі);

2) қадағалауында кәмелетке толмаған күдікті немесе айыпталушы қойылған адамдар (145-баптың 4-бөлігі).

Г.Резниктің айтуынша, мұндай түсіндірме талқылаудың жеткілікті себептері бар [25].

Қылмыстық процеске жекелеген қатысушылардың қылмыстық процеске өздеріне жүктелген іс жүргізу міндеттерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алуды қолдану Қылмыстық процесік кодекстің 142, 145, 155, 159, 160-баптарына енгізілген нормалар кешенімен реттеледі.

Осылайша, заң шығарушы ақшалай өндіріп алу тағайындалуы мүмкін тұлғалардың шеңберін кеңейтті. Талқыланып отырған мәселені нақтырақ шешу үшін заң шығарушының келесі, анық «айқын» қадамын қосу, біздің ойымызша, Қылмыстық процесік кодекстің процессуалдық мәртебесін айқындайтын тиісті баптарына қылмыстық процеске қатысулардың процессуалдық міндеттерін орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алу түріндегі жауапкершілік туралы ережелерін енгізу. қисынды болып көрінеді

Бұл тәсілді қылмыстық процесің басқа қатысушыларына қатысты ақшалай өндіріп алуды қолдануды реттеу кезінде қолданған жөн, бұл, сөзсіз, ақшалай өндіріп алуды қолдану негіздері мен тәртібін реттейтін құқықтық нормаларды құру кезінде заң шығарушының ниетін түсінуді айтарлықтай жеңілдетеді.

«...процестік міндеттерді орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін, адвокатты, прокурор мен сотталушыны қоспағанда, қорғалуға

құқығы бар куәге, жәбірленушіге, куәге, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға ... ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін» Қылмыстық процестік кодекстің 159-бабында қолданылған редакция сот отырысында тәртіпті бұзған сот процесінің кез келген қатысушысына «ақшалай айыппұл» салуға мүмкіндік береді.

Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабына келсек, бұл шеңберден қорғаушыны, сондай-ақ сотталушыны алып тастайды. Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабы ақшалай өндіріп алуды тағайындау мүмкіндігін қамтитын сот отырысында тәртіпті қамтамасыз ету шараларына арнайы арналғандықтан, соңғысының нұсқауларын орындау қажет екені даусыз. Қылмыстық процестік кодекстің 155, 159-баптарының және 346-бабының 1-бөлігінің мазмұнын ескере отырып, «сот ісін жүргізудегі тәртіпті бұзушылардың» екі тобын бөліп көрсетуге болады:

- 1) қылмыстық процеске қатысушылар;
- 2) сот отырысына қатысқан, бірақ процеске қатысушылар емес тұлғалар.

Сот отырысына сотталушының, оның заңды өкілдерінің, қорғаушының, прокурордың, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің, куәлардың, сарапшының, маманның, аудармашының, сот отырысының хатшысының қатысуы көзделеді.

Құқық бұзушылық жасағаны үшін ішкі істер органдарында есепте тұрған кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы қылмыстық істерді қарау кезінде сот отырысына кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған мекеменің өкілін шақыру сот тәжірибесінде бар. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдары және ерекше режимдегі білім беру ұйымдары – арнаулы мектептер білім беру немесе емдеу мекемелері болып табылады және әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Сот отырысында сондай

арнайы мектептің өкілі куәнің процессуалдық мәртебесіне ие болып жауап алынады [20].

ҚПК 346 бабы («Басты сот талқылауында тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шаралар») ҚПК 42-тарауында («Басты сот талқылауының жалпы шарттары»), ал ол өз кезегінде ҚПК 7-бөлімінде («Қылмыстық істердің соттылығы. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу») орналасқан. Сот қылмыстық істі қарау кезінде сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігінде ақшалай өндіріп алуды тағайындау мүмкіндігі көзделген. Бұл келесі сұрақтарды тудырады:

1) Қылмыстық-процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігінің апелляциялық және кассациялық тәртіпте өткізілетін сот отырыстарына, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істі қайта бастау туралы прокурордың қорытындысын қарау кезінде; үкімді орындауға байланысты мәселелерді қарау кезінде қолданылу-қолданбауын;

2) Пәні сотқа дейінгі іс жүргізу мәселелері болып табылатын Қылмыстық процестік кодекстің 55 бабының 1, 2 бөліктерінде көрсетілген сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алуды тағайындау бөлігінде Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігінің ережелері қолданыла ма? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін осы процестік мәжбүрлеу шарасын қолдануды реттейтін қылмыстық процестік нормаларын талдау қажет.

Қылмыстық процестік кодекстің 159-бабында қылмыстық процеске қатысушылардың сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алуды тағайындау мүмкіндігі туралы жалпы ереже тұжырымдалған. Және бұл ереже қылмыстық іс қылмыстық процестің қай сатысында қаралатынына қарамастан, сондай-ақ сот отырысында қандай мәселе қаралатынына қарамастан қолданылады. Сот отырысы қылмыстық іс бойынша сот талқылауы кезінде сотқа дейінгі және сот төрелігі кезіндегі сот бақылауының іс жүргізу нысаны ретінде анықталады.

Қылмыстық процестік кодекстің 5-бабының 50-тармағында және 117-бабында көрсетілген нормалардың мазмұнын ескере отырып, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі және сот отырысында тәртіпті бұзу, сондай-ақ сот үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешкен кезде ақшалай өндіріп алуды қолдануға әкеп соғуы мүмкін деген қорытындыға келуге болады. Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігіне енгізілген және бірінші сатыдағы сот қылмыстық істі мәні бойынша қараған кезде сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу түріндегі санкцияны көздейтін норма Қылмыстық процестік кодекстің 159-бабын қолданудың ерекше нысаны болып саналсын. Қолданыстағы қылмыстық процестік заңнамаға сүйене отырып, сот отырысына шақырылған, және онда белгіленген тәртіпті әлеуетті бұзушылар ретінде келесі қатысушылар есептелуі мүмкін:

1) Қылмыстық процестік кодекстің 128 және 131-баптарына сәйкес ұсталған күдікті, айыпталушы, кәмелетке толмаған күдіктінің немесе айыпталушының заңды өкілі, прокурор, тергеуші, анықтаушы - тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау немесе мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттарды қарауы кезінде (ҚПК 148, 151 - баптары);

2) прокурор, тергеуші, анықтаушы - адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптамалар жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру арқылы сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны қарау кезінде (ҚПК 279-бабы), үйде тұратын адамдардың келісімі болмаған жағдайда тұрғын үйді қарауды жүзеге асыру кезінде (ҚПК 220-бабы 13-1 тармағы), үйді тінту немесе басып алу кезінде (ҚПК 254-бабы 2-тармағы), жеке тінту кезінде (ҚПК 255-бабы), азаматтардың банктердегі және өзге де несиелік ұйымдардағы салымдары мен шоттары туралы мәліметтер бар заттар мен құжаттарды алу кезінде (ҚПК 254-бабы 1-тармағы), мүлікке тыйым салу кезінде (ҚПК 162, 163-баптары), күдікті мен айыпталушыны лауазымынан уақытша шеттету кезінде (ҚПК 158-бабы);

3) прокурор, тергеуші, анықтаушы – тергеу судьясының анықтаушының, тергеушінің, прокурордың соттың рұқсатынсыз шұғыл істер бойынша жасалған әрекеттері мен шешімдерін олардың заңдылығы мен негізділігін тексерген кезде (ҚПК 220-бабы 14-тармағы және 235-бабы);

4) арыз беруші, оның қорғаушысы, заңды өкілі немесе өкілі, прокурор, тергеуші, анықтаушы - судья анықтаушының, тергеушінің, прокурордың заңсыз әрекеттеріне шағымдарды қараған кезде (ҚПК 106-бабы);

5) айыптау және қорғау тараптары - судья алдын ала тыңдауды жүргізген кезде (ҚПК 321-бабы);

6) үкімді орындаушы мекеменің немесе ұсынысы бойынша үкімді орындауға байланысты мәселе шешілетін құзыретті органның өкілі, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер, сотталған адам, адвокат, прокурор - судья үкімді орындау мәселелерін қараған кезде (ҚПК 478-бабы).

Қылмыстық-процестік кодекстің 545-бабының мазмұнына сүйене отырып, сот отырысы қылмыстық жауаптылықтан босатылған кәмелетке толмаған адамға қатысты тәрбиелік ықпал етуші мәжбүрлеу шараларын (ТҮМШ) қолдана отырып, қылмыстық қудалауды қайта бастау туралы мәселені шешу үшін де өткізіледі. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 545-бабында кәмелетке толмаған адамға ТҮМШ қолдану мақсатында тоқтатылған қылмыстық істің материалдарын сотта қараудың ережелері нақты көрсетілген. Бірақ бұл бапта мамандандырылған мемлекеттік органның ТҮМШ -ның күшін жою туралы ұсынысын сот қарауы тиіс ережелерге қатысты нұсқаулар жоқ. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне берілген ескертулерде де осыған қатысты ұсыныстар жоқ.

Мысалы, профессор В.В.Николюк бұл өтінішхатты қарау кезінде сот отырысына кәмелетке толмаған айыпталушы, оның қорғаушысы, прокурор, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған мемлекеттік органның өкілі шақырылады деп есептейді Мұндай сот тәртібі үкімді орындауға байланысты мәселелерді қарауға тән (ҚПК 478-бабы).

Алайда, үкімді орындау кезінде сот шешуге тиісті мәселелер тізімінде (ҚПК 476-бабы), мәжбүрлеп тәрбиелеу шараларын жою аталмайды. Үкімді орындау кезінде сот шешетін мәселелердің ауқымын талдай отырып, О.В.Воронин де Қылмыстық кодекстің 85-бабының 11-бөлігіне сәйкес тәрбиелік мәжбүрлеу шарасының күшін жою туралы ештеңе айтпайды [26]. Бұл ретте, Қылмыстық-процестік кодекстің 478-бабында белгіленген нормалар бойынша пробацациялық бақылауды жоюға (ҚПК 476-бабы 8-тармағы) және шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға (ҚПК 476-бабы 6-тармағы) қатысты ұқсас құқықтық сипаттағы мәселелер шешіледі. Сондықтан Қылмыстық-процестік кодекстің 478-бабында көзделген тәртіпте ТЫМШ-ны жою туралы сұрақтар да қаралуы қисынды.

Қылмыстық-процестік кодекстің 478-бабының мазмұнын ескере отырып, судьяның мамандандырылған мемлекеттік органның ТЫМШ күшін жою туралы ұсынысын қарау тәртібі мынадай болу қажет:

- 1) кәмелетке толмаған және оның заңды өкілдері, сот отырысына шақырылуға жатады;
- 2) кәмелетке толмаған адамның немесе оның заңды өкілдерінің өтініші бойынша сот отырысына адвокат қатысуға жіберіледі;
- 3) сот отырысына мамандандырылған мемлекеттік орган өкілінің қатысуы міндетті, ол ұсынымның мәнін және оның негіздемесін баяндайды;
- 4) егер сот отырысына прокурор қатысса, ол қаралып жатқан ұсыныстың мәні бойынша өз пікірін білдіреді.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату, өзгерту және ұзарту туралы мәселелерді де судья сот отырысында шешеді (ҚПК 523-бабы). Өзіне қатысты осы мәселелер шешіліп жатқан адам, егер оның психикалық жағдайы мүмкіндік берсе және қажет болса, осында шақырылуы мүмкін, сонымен қатар науқасты қабылдаған дәрігер-психиатр, адамды тексеру нәтижелері бойынша қорытынды берген психиатрлар комиссиясының мүшелері шақырылады. Мұндай сот отырыстарына қорғаушы мен прокурордың қатысуы міндетті.

Осылайша, қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнаманы талдау мынадай қорытындыға келеді:

- біріншіден, Қылмыстық-процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігіне енгізілген және бірінші сатыдағы соттың қылмыстық істі қарау кезінде сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу түріндегі санкцияны көздейтін норма Қылмыстық-процестік кодекстің 160-бабын қолданудың ерекше жағдайы деп пайымдау қажет;

- екіншіден, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде тергеу судьясының құзырындағы мәселелерді шешкен кезде сот отырысындағы соттың бұйырымы заңмен қорғалады және оны бұзу үшін де ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес бірқатар мәселелер бойынша өткізілетін сот отырысына қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың да (прокурор, тергеуші, анықтаушы, ішкі істер органдарының, жазаны, тәрбиелік және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын орындайтын мекемелердің лауазымды адамдары), өздерінің заңды мүдделерін де білдіретін (күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам, олардың заңды өкілдері, жәбірленуші, куә, арыз берушілер), қорғаушы (адвокат) және т.б. әртүрлі тұлғалар қатыса алады.

Қылмыстық-процестік кодекстің 346-бабында бірінші сатыдағы сот қылмыстық істі қараған кезде сот отырысына қатысушы прокурор мен қорғаушыға ақшалай өндіріп алуды тағайындауға заң жол бермейтіні көрсетілген. Бұл тыйым салу заң шығарушының сот отырысында тәртіп бұзған аты аталған қатысушыларды жауапқа тарту туралы шешімді сот талқылауының шегінен тыс тікелей өздері өкілдік ететін мекемелерге беруді қалауымен негізделген. Бұл әдетте прокурор мен қорғаушының қылмыстық процестің «айыптау» мен «қорғау» қылмыстық-процестік функцияларын жүзеге асыратын арнайы «миссиясын» жүзеге асыруына байланысты, сондай-ақ олар беделді

институттардың өкiлдiнiңн бiлдiредi және олардың кедергiсiз заңды қызметiне, дербестiгi мен тәуелсiздiгiне ықпал ететiн ерекше мәртебеге ие.

Бiрақ прокурор немесе қорғаушы сот отырысында төрағалық етушiнiң бұйрығын орындамаса, егер бұл адамды басқасымен ауыстыру мүмкiн болмаса, қылмыстық iс сот шешiмiмен кейiнге қалдырылуы мүмкiн сияқты сот тәжiрибесi бар. Бұл ретте сот тиiстi жеке қаулы шығарады және оны жоғары тұрған прокурорға немесе адвокаттар алқасына жiбередi.

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында және «Құқық қорғау қызметi туралы» Қазақстан Республикасының Заңында прокурорлардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгiленген жауапкершiлiгi көзделген.

Сотта айыпты қолдау кезiнде сот отырысы тәртiбiн бұзған прокурорға қатысты прокуратура органының басшысы алған жеке сот ұйғарымының негiзiнде «Құқық қорғау қызметi туралы» Заңының 56-бабында көрсетiлген тәртiптiк жаза қолдануы мүмкiн [27].

Адвокаттың кәсiби мiндеттерiн орындауын қамтамасыз ету үшiн заңнамада заң көмегiн көрсету кезiнде кәсiби мiндеттерiн орындамағаны немесе тиiсiнше орындамағаны үшiн оны жауапкершiлiкке тарту мүмкiндiгi қарастырылған («Адвокаттық қызмет және заң көмегi туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 72-бабы) [28]. Қылмыстық жауапкершiлiкке келетiн болсақ, адвокаттарды қылмыстық қудалау үшiн Қылмыстық-процетiк кодекстiң 202-бабының 2-бөлiгiнiң 2-тармағы және 203-бабының 1-бөлiгi бойынша ерекше iс жүргiзу көзделген (әрекеттiң саралануын анықтау; оны күдiктi деп тану туралы қаулы прокуратура органының басшысымен келiсiм бойынша қабылданады).

Адвокаттық қызмет барысында белгiлi бiр әрекеттердi жасағаны үшiн қорғаушы әкiмшiлiк жазаға тартылуы мүмкiн. Атап айтқанда, адвокат сот үкiмiн, сот шешiмiн немесе өзге де сот актiсiн және атқару құжатын

орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін (ӘҚБтК-нің 669-бабы).

Мысалы, Ақмола облысы Сандықтау аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 194-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыс бойынша қылмыстық істі қарау кезінде сот отырысында қорғаушы ретінде сот процесіне қатысушы адвокат сот отырысы залында тәртіпті бірнеше рет бұзған. Ұялы телефонын өшірмей, қоңырау түскен кезде абонентпен қосылып, телефонмен сөйлесіп, сот тергеуіне кедергі келтірген. Сот отырысы залында ұялы телефонын өшіру керектігі туралы судьядан ескертілген қорғаушы бұл әрекетті орындамай, келесі қоңырау соғылғанда, судьяның рұқсатынсыз «Кешіріңіз, мен тез арада телефонмен сөйлесуім керек» деп, сот залынан шығып кеткен.

Судья үзіліс жариялап, іс бойынша іс жүргізуді жалғастырғаннан кейін қорғаушыға сот отырысында тәртіпті бұзғанын, судьяның сот отырысы залында заңсыз әрекеттерді тоқтату туралы ұйғарымын орындамағанын, оған қатысты әдепсіз әрекеттер жасағанын хабарлады, яғни ӘҚБтК-нің 669-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, осыған байланысты сот оған 10 АЕК көлемінде ақшалай өндіріп алу туралы қаулы шығарғанын жариялады [29].

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабының талаптарын өрбіту мақсатында адвокаттардың міндеттері мен тәртіптік жауапкершілігі Адвокаттардың кәсіби этика кодексімен де реттеледі (2014 жылғы 26 қыркүйектегі Адвокаттар алқалары делегаттарының екінші республикалық конференциясында бекітілген).

Қылмыстық процесс саласында адвокаттың сот отырысында тәртіпті бұзуына келетін болсақ, бұл жерде заң шығарушы (ҚПК 346-бабы) біржақты ұстанымын білдірді: судьяның тікелей сот отырысында адвокатқа ақшалай өндіріп алу қолдануға құқығы жоқ. Сот отырысында адвокаттың тәртіпті бұзуына судьяның ықпал ету шаралары келесідей болуы мүмкін: адвокатты ауыстыру; іске нұқсан келтірмей адамды басқа адвокатпен ауыстыру мүмкін

болмаса, қылмыстық іс бойынша басты сот талқылауын кейінге қалдыру; қорғаушының сот отырысында тәртіпті бұзу фактілері бойынша адвокаттар алқасына жеке қаулы шығару.

Өкінішке орай, сот отырысында прокурор немесе қорғаушы жіберген заң бұзушылықтарға байланысты қылмыстық іс бойынша негізгі сот талқылауын кейінге қалдырған кезде еріксіз туындайтын мәселелер заңда реттелмеген. Осыған байланысты Қылмыстық-процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігіндегі норма аяқталмаған көрініске ие.

Яғни, Қылмыстық-процестік кодекстің 346-бабында соттың қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қашан қайта бастау керектігі туралы ештеңе айтылмаған: жоғары тұрған прокурор немесе адвокаттар алқасы жеке сот шешімін қарағанға дейін бе, әлде жоғары тұрған прокуратура басшысы немесе адвокаттар алқасы Қылмыстық-процестік кодекс талаптарын бұзған прокурорға, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңы, Заңгерлердің кәсіби этика кодексі талаптарын бұзған адвокатқа қолданылған шаралар туралы сотты хабардар еткеннен кейін бе.

Қылмыстық іс бойынша негізгі сот талқылауын сот жоғары тұрған прокурордан немесе адвокаттар алқасынан прокурорға немесе адвокатқа қатысты қолданылған тәртіптік жазалар туралы хабарлама алғаннан кейін қайта бастау - сот отырысында олар тарапынан тәртіптің бұзылуына жол бермей, процеске қатысушыларға сот талқылауының тәрбиелік әсерін қамтамасыз етуге көмектеседі деген ой туындайды.

Осы жағдайдың шешімін қалай көретіні туралы судьялардың пікірін білу үшін судьяларға жүргізген сауалнамамыздың аясында оларға мынадай сұрақ қойылды: «Сіз сот отырысында прокурордың немесе адвокаттың тәртіпті бұзуына байланысты кейінге қалдырылған қылмыстық іс бойынша өндірісті қашан қайта бастауды дұрыс деп санайсыз?» (қосымша 2)

Бұл сұраққа жауап берген судьялардың көпшілігі (74,4%) Қылмыстық-процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігі негізінде кейінге қалдырылған

қылмыстық істі - жоғары тұрған прокурордан немесе адвокаттар алқасынан сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін прокурорға немесе адвокатқа қолданылған тәртіптік жазалар туралы хабарлама алғаннан кейін қайта жалғастыру орынды деп санайды

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан судьялардың жартысынан көбі (59,0%) сот отырысында заңда белгіленген тәртіпті бұзу фактілері бойынша жеке сот қаулысын қарау нәтижесінде олардың прокурорға немесе қорғаушыға қолданылған шаралары туралы прокуратура немесе адвокаттар алқасы басшысының қабылдаған шешімдерін жариялай отырып, қылмыстық істі қайта бастағаннан кейін іс бойынша іс жүргізуді жалғастыру қажет санайды (қосымша 2).

Алайда, іс жүзінде судьялардың бұл тілектері әрқашан орындала бермейді, өйткені қылмыстық істі қайта бастау, егер ол прокурорға немесе адвокатқа қатысты қолданылған тәртіптік шараларға жауап алумен анық байланысты болса, сот талқылауы орынсыз ұзақ уақытқа созылуы мүмкін.

Кейбір судьялар өздеріне қойылған «прокурордың немесе адвокаттың сот отырысында тәртіпті бұзуына байланысты кейінге қалдырылған сот талқылауын қайта бастау» туралы сұраққа жауап тұжырымдағанда, прокурор мен адвокатқа ақшалай өндіріп алу түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шарасын қолданудың негізділігін жақтап айтты.

Кейбір заңгерлер қазіргі қылмыстық-процестік заңнама аясында судьялардың «процесті бұзған (мысалы, үзіліс кезінде кетіп қалған және қайтып келмеген) адвокатқа «айыппұл салуға» құқылы деп санайды» [30]. Алайда, заң (ҚПК 346-бабының 1-тармағы) сот отырысындағы тәртіпті бұзғаны үшін не қорғаушыға (адвокатқа), не прокурорға ақшалай өндіріп алуды қолдануға жол бермейді. Сондықтан бұл мәселе заңнаманы жетілдіру мүмкіндігі тұрғысынан осы диссертацияда көтеріліп, талқылануда.

Сот тәжірибесінде сот отырысында тәртіпті бұзу, төрағалық етушінің өкіміне бағынбау фактілері прокурорлар тарапынан да кездеседі. Демек,

анықталған проблема прокурордың соттағы орынсыз мінез-құлқына қатысты бірдей өзекті болып табылады.

Сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шарасын айыптаушы (прокурор) мен қорғаушыға (адвокатқа) қолдану арқылы оның аясын кеңейту мәселесін атақты орыс заңгері Г.М. Резник арнайы талқылаған. Оның пікірінше, «...заң шығарушыға сот талқылауының барлық қатысушыларына ақшалай өндіріп алуды қолдану мерзімін ұзартуға ешбір құқықтық канондар кедергі келтірмейді [25]. Мысалы, англо-саксондық заңнама судьяға айыппұл салуға ғана емес, сонымен бірге прокурорды да, адвокатты да сотты құрметтемегені үшін түрмеге жабуға құқық береді.

Ресей мен Қазақстанның қылмыстық процесілік заңнамасында бұл мәселе басқаша шешілген: ҚР ҚПК 159, 346-баптары және РФ ҚПК 258-бабы қорғаушы мен прокурорға төрағалық етушінің бұйрықтарына бағынбағаны үшін ақшалай өндіріп алуға жол бермейді; сот мұндай істерде тиісінше адвокаттар алқасына немесе жоғары тұрған прокурорға хабарлайды. Отандық сот төрелігі мен құқық қорғау жүйесінің қазіргі жағдайын ескере отырып, мұндай шешім толығымен негізделген» [25].

Қарсы пікір білдірген судья С.Погодин Қылмыстық процесілік кодекстің 159-бабының және 346-бабының 1-бөлігінің мәтінінен сотталушыға, оның қорғаушы адвокатына және прокурорға ақшалай өндіріп алуды тағайындауға болмайды деген тармақты алып тастауды ұсынды.

Талқыланып отырған мәселеге өз көзқарасымызды білдіру үшін біз судьялар, прокурорлар және адвокаттардан, яғни қаралып отырған жағдай бойынша сот процесіне қызығушылық танытқан барлық қатысушылардан сауалнама жүргіздік.

Судьяларға келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылды (қосымша 2):

«1. Сіздің сот тәжірибеңізде сот отырысында тәртіпті бұзу, төрағалық етуші бұйрығына прокурордың бағынбау фактілері кездесті ме?»;

«2. Сіздің сот тәжірибеңізде сот отырысында тәртіпті бұзу, төрағалық етуші өкіміне қорғаушының (адвокаттың) бағынбау фактілері кездесті ме?»;

«3. Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігінде көзделген шараларды прокурор немесе қорғаушы бұзған істер бойынша сот отырысында тәртіпті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деп санайсыз ба? Егер жоқ болса, сіздің ойыңызша, сот отырысында прокурор мен қорғаушының өзін дұрыс ұстауы үшін қандай қосымша шаралар қажет?».

Бірінші сұраққа жауаптар келесідей бөлінді: судьялардың 16,7%-ы прокурордың төрағалық етушінің өкіміне бағынбауы, сот тергеуі, сот жарыссөздері кезінде әдеп бұзу жағдайларын атап өтті; судьялардың 29,5%-ы прокурорлардың сот отырысына кешігіп келу жағдайларын ғана көрсетті; сауалнамаға қатысқан судьялардың 53,8%-ы прокурордың сот талқылауындағы тәртібін сот отырысында тәртіп бұзу немесе сот отырысында төрағалық етушінің тапсырмаларын орындаудан бас тарту ретінде қарастыруға болатын мысалдарды келтіре алмады. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан судьялардың 24,3%-ы өздерінің сот тәжірибесінде сот процесіне қатысушыларға дұрыс қойылмаған сұрақтары және қорғаушылармен пікірталастың дұрыс жүргізілмегендігі үшін прокурорға ескертулер беруге тиіс болғандарын көрсетті.

Судьялардың екінші сұраққа берген жауаптарын талдау кезінде басқа көрініс байқалады: сауалнамаға қатысқан судьялардың көпшілігі (80,1%) өздерінің сот тәжірибесінде адвокаттардың сот отырыстарына дәлелді себептермен кешігіп келу немесе келмеу жағдайларын атап өтті; сауалнамаға қатысқан судьялардың тағы бір бөлігі (17,9%) адвокаттардың сот отырысын өткізу ережелерін, оның ережелерін бұзуы, тікелей немесе жанама қорлау, сот талқылауына қатысатын жәбірленушілер мен куәларға және төрағалық етушінің ескертулерін елемей фактілеріне тап болды; судьялардың 2,0%-ы адвокаттардың сот отырысында тәртіп бұзған істерінен бейхабар екенін көрсетті.

Үшінші сұраққа жауап бергенде, судьялардың үштен бірінен астамы (35,9%) прокурор мен қорғаушыға қандай да бір қосымша ықпал ету шараларын қолдану қажет деп санамайды және Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабының ережесі сот талқылауының қалыпты барысын бақылауға толық мүмкіндік береді. Судьялардың 21,8%-ы ғана прокурорлар сот отырысында тәртіп бұзса және төрағалық етушінің бұйрығына бағынбаса, оларға ақшалай өндіріп алуды қолдану мүмкіндігін қолдады. Сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін адвокатқа «ақшалай айыппұл» салу мәселесіне келсек, сауалнамаға қатысқан судьялардың 64,1%-ы мұндай шараны орынды деп тапты. Оның үстіне, кейбір судьялар өз сот тәжірибесінде адвокаттардың сот отырысында тәртіпті өрескел бұзуына дәл осылай жауап беруге әрекет жасап үлгергендігін айтты. Осындай бір мысал келтірейік.

Сот отырысы барысында В., Г. және Ж.-ға қатысты ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық істі қарау кезінде төрағалық етушінің әрекетіне наразылық белгісі ретінде қорғаушы С. сот отырысы залынан рұқсатсыз және көрнекі түрде шығып кеткен. Қорғаушының мінез-құлқына баға бере отырып, осы қылмыстық істі қараған судья «...қорғаушы өз әрекетімен сот талқылауын одан әрі өткізуді іс жүзінде бұзды, осы әрекетімен сотталушыны қорғаудан бас тартты. Сот қорғаушының әрекетін негізгі сот талқылауы ережелерін өрескел бұзу деп санайды, наразылықтың мұндай нысандары қолданыстағы заңнамада көзделмеген. Қорғаушының сот талқылауындағы әдепсіз әрекетін ескере отырып, сот оған 50 АЕК көлемінде ақшалай өндіріп алу салуға мәжбүр. Қорғаушы С.-ның бұл әрекеті туралы адвокаттар алқасына хабарлансын». Судья Қылмыстық процестік кодекстің 159, 160, 346-баптарын басшылыққа ала отырып, қорғаушыға ақшалай өндіріп алу тағайындау туралы қаулы шығарып, Адвокаттар алқасына аталған адвокаттың тәртіпті өрескел бұзғаны туралы хаттама жолдады [31].

Мысалдан көрініп тұрғандай, судья Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабының 1-бөлігінің талаптарын бұза отырып, сот отырысына қорғаушы

ретінде қатысып, тәртіпті өрескел бұзған адвокатқа ақшалай өндіріп алу тағайындаған. Бұл сот үкімінің тағдыры бізге беймәлім. Оны кейін жоғары тұрған сот бұзған болуы мүмкін. Алайда, бұл мысал адвокаттың сот отырысында тәртіпті бұзу фактілеріне барабар (соның ішінде ақшалай өндіріп алуды қолдану) жауап беру мәселесін шешудің өзектілігін растайды.

